

**AP09058465 «COVID-19 пандемиясына тиімді жауап беру үшін Қарағанды облысының ауылдық медициналық мекемелерінің тиісті сумен, санитариямен және гигиенамен (ССГ) қамтамасыз етілуін бағалау».**

**Өзектілігі.**

Өлім-жітіммен аяқталатын өршулер мен эпидемиялар ССГ инфрақұрылымы мен халықтың гигиена дағдылары жақсарғанға дейін жалғасады. Бұл гипотезаны дәлелі таралуын болдырмаудың маңызды элементі қол гигиенасы болып табылатын COVID-19 пандемиясы болды. Қазіргі уақытта өңірлер бойынша және жалпы ел бойынша медициналық мекемелерде ССГ қызметтерінің қолжетімділігі мен жай-күйі туралы деректердің болмауы Қазақстанда COVID-19 пандемиясына тиімді жауап беру үшін кедергі болып табылады. Демек, ССГ ағымдағы қызметтерін өзекті бағалаумен бірге жағдайды талдау оларға қол жеткізуді жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеуге және сол арқылы ауылдық медициналық мекемелер жағдайында COVID-19-бен күресте тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етуге мүмкіндік береді.

**Мақсаты:** COVID-19 алдын алу және бақылау, халыққа медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру және медицина қызметкерлерін қорғау үшін ауылдық медициналық мекемелерде су, санитария мен гигиенаның (ССГ) тиісті жағдайларына қол жеткізуді жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

**Күтілетін нәтижелер.**

Жобаны іске асыру барысында ДДСҰ мен ЮНИСЕФ-тің Мониторинг жөніндегі бірлескен бағдарламасы (МББ) ұсынған ССГ қызметтерінің иерархиялық сатысына сәйкес ауылдық медициналық мекемелердегі ССГ деңгейі, науқастар мен қызметкерлердің аудандар мен жыл кезеңдері бойынша ССГ қызметтерінің ағымдағы қолжетімділігі мен сапасына және аудандар бойынша ССГ-ның биологиялық қауіпсіздігіне қанағаттану дәрежесі бағаланатын болады. Мұндай бағалауды жүргізу COVID-19-бен күресте тұрақты нәтижелерге қол жеткізу үшін қозғалу керек бастапқы нүктені анықтауға, сонымен қатар аймақтар арасындағы ағымдағы жағдай мен қол жеткізілген прогресті салыстыруға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелердің негізінде ауылдық медициналық мекемелер жағдайында COVID-19 және басқа да жұқпалы аурулардың алдын алу және бақылау үшін ССГ-нің тиісті жағдайларына қол жеткізуді жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленеді. Бұл ұсынымдар ауылдық медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасын жақсарту, науқастар мен қызметкерлерді қорғау, сондай-ақ вирустың одан әрі таралуын болдырмау саласындағы мемлекеттік саясатта пайдаланылатын болады және COVID-19 алдын алу және бақылау саласындағы кең ауқымды бастамалар мен денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайларға қарсы шаралар шеңберінде қабылданатын шараларды жандандыруға және қажетті мазмұнмен толтыруға көмектеседі, сол арқылы болашақ ықтимал пандемиялық инфекцияларға, сондай-ақ басқа да, дамушы елдердегі ауыл тұрғындары ұшырауы мүмкін ауруларға тұрақтылықты жоғарлатады. COVID-19 пандемиясы кезеңінде медициналық мекемелерде көрсетілетін қызметтердің сапасы мен ССГ қызметтеріне қол жетімділікті жақсарту өз кезегінде халықтың денсаулығы мен өмір сүру сапасының деңгейін арттыруға және елдің ауылдық өңірлерінің тұрақты дамуына алып келеді, бұл әлеуметтік және экономикалық тиімділікті қамтамасыз етеді.

**Зерттеу тобы.**

Омарова А.О. – ғылыми жетекші, PhD, «ҚМУ» КеАҚ қоғамдық денсаулық және биомедицина мектебінің қауымдастырылған профессоры, жобаның жетекшісі. Scopus-тағы Author ID: 56099957900. Web of Science-тағы Researcher ID: AAR-6826-2020. ORCID ID: 0000-0002-2087-3824. Scopus-тағы профиліне сілтеме: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56099957900>

Беляев И.А. – доктор PhD, «ҚМУ» КеАҚ ҒЗО ұжымдық пайдалану зертханасының ғылыми қызметкері. Scopus-тағы Author ID: 55935731100. ORCID ID: 0000-0003-3373-2059. Scopus-тағы профиліне сілтеме: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55935731100>

Ердесов Н.Ж. – «Медико-профилактикалық іс» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының магистрі, «ҚМУ» КеАҚ 3 оқу жылының докторанты. ORCID ID: 0000-0001-8095-3140.

Харин А.Д. – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының магистрі, «ҚМУ» КеАҚ 3 оқу жылының докторанты. ORCID ID: 0000-0001-6259-5159.

Исмаилов Ч.У. – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының магистрі, «ҚМУ» КеАҚ 3 оқу жылының докторанты. ORCID ID: 0000-0002-4766-7115.

Амирханова Ж.Т. – «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі, «Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ 3 оқу жылының докторанты. ORCID ID: 0000-0002-5487-3574.

### **Жарияланымдар.**

1. Omarova A., Tussupova K., Berndtsson R., Kalishev M., Sharapatova K. Protozoan Parasites in Drinking Water: A System Approach for Improved Water, Sanitation and Hygiene in Developing Countries // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2018. – №15(3). – E495. doi:10.3390/ijerph15030495. (IF=2.44 в Web of Science and Scopus; *квартиль-Q1 (процентиль-83) по общественному здравоохранению, охране окружающей среды и гигиене труда*).

2. Omarova A., Tussupova K., Hjorth P., Kalishev M., Dosmagambetova R. Water Supply Challenges in Rural Areas: A Case Study from Central Kazakhstan // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2019. – №16(5). – E688. doi:10.3390/ijerph16050688. (IF=2.81 в Web of Science and Scopus; *квартиль-Q1 (процентиль-84) по общественному здравоохранению, охране окружающей среды и гигиене труда*).

3. Omarova A., Tussupova K. The future of piped water in villages in low- and middle-income countries // European Journal of Public Health. – 2018. – Vol.28, Suppl.4. – P. 336-337. doi.org/10.1093/EURPUB/CKY214.081. (IF=2.234 в Web of Science; *квартиль-Q2 по общественному здравоохранению, охране окружающей среды и гигиене труда*).

4. Беляев И.А., Беляев А.М Чувствительность пневмококков к антимикробным препаратам по данным исследования, проведенного в Центральном Казахстане // Georgian medical news. – 2017. – №1(262). - P.101-106.

5. Ибраев С.А., Жарылкасын Ж.Ж., Отаров Е.Ж., Исмаилов Ч.У. Современные аспекты профессионального риска у лиц умственного труда // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2017. – № 3 (часть 1) – С. 62-65.

6. Anastassiya A. Mashentseva, Milana A. Ibragimova, Saule B. Akhmetova, L. Kozlovskiy, Maxim V. Zdorovets, Zhanerke T. Amirkhanova. Synthesis, radical scavenging, and antimicrobial activities of core-shell Au/Ni microtubes // Chemical Papers. – 2020. – V.74. – P. 2189-2199.

### **Қол жеткізілген нәтижелер.**

1. Абай ауданының ОАА Топар кентіндегі аурухана қалашығында сумен жабдықтаудың базалық қызметтері, шектеулі санитария мен гигиена қызметтері бар; Самарка ауылының ДА және Есенгелді ауылының ФАП сумен жабдықтаудың базалық қызметтері, шектеулі гигиена қызметтері бар, санитария қызметі жоқ. ОКА хирургиялық,

терапевтік корпустарда және тері-венерологиялық орталығында ССТ қызметтерінің базалық деңгейі бар;

2. Абай ауданының ОАА және ОКА науқастары мен персоналының су сапасының органолептикалық көрсеткіштерін және сумен жабдықтаудың үздіксіздігін бағалауларында статистикалық маңызды айырмашылықтар бар;

3. Науқастардың сумен жабдықтау және гигиена қызметтерінің ағымдағы қолжетімділігі мен сапасына қанағаттану дәрежесі Бұқар-Жырау ауданының ОАА, ал персоналдың сумен жабдықтау, науқастар мен персоналдың санитария және персоналдың гигиена қызметтерімен қанағаттану дәрежесі Шет ауданының ОАА жоғары болды;

4. Абай ауданының ОАА жалпы және термотолерантты колиформды бактериялар бойынша оң сынамалардың үлес салмағы ОКА қарағанда төмен. Шайындылардың микробтық пейзажы айтарлықтай әртүрлілікпен сипатталды;

5. Бұқар-Жырау ауданының ОАА МАФМ 1, термотолерантты колиформды бактериялардың 2 жағдайы және барлық сынамаларда жалпы колиформды бактериялар анықталды. Шайындылардан *S.aureus* 2, *E.coli* 1 және шартты-патогенді микроорганизмдердің 2 жағдайы анықталды;

6. Шет ауданының ОАА МАФМ мен жалпы колиформды бактериялардың 100 еседен астам артқаны, ал шайындылардан *S.aureus* 1 жағдайы анықталды.

#### **Әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат.**

Мақсатты тұтынушылар санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау ұйымдарының, облыстық денсаулық сақтау және экологиялық мониторинг басқармасының мамандары болып табылады. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмысының материалдары «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ білім алушылары мен профессорлық-педагогикалық құрамы үшін де қолжетімді және оқу процесінде пайдаланылады.

#### **Жоба шеңберіндегі ғылыми жарияланымдар.**

1. Akhmetova S.B., Belyayev I.A., Omarova A.O., Amirkhanova Zh.T. The Study of Microbial Contamination of Water and Sanitary Facilities in the Karaganda Regional Hospitals; During Different Seasons // Қарағанды университетінің хабаршысы. Биология. Медицина. География сериясы. – 2022. - №4(108). – С. 21-30. *(ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚЕК ұсынған)*

2. Omarova A., Yerdessov N. Assessment of the Accessibility and Condition of Current Water, Sanitation, and Hygiene Services in Rural Medical Institutions: A Case Study from Central Kazakhstan // Proceedings of Academics World International Conference. – Paris, France, 12<sup>th</sup> – 13<sup>th</sup> December, 2022. – P. 8-11;

3. Омарова А.О., Ердесов Н.Ж. Проблема обеспеченности сельского населения Республики Казахстан питьевой водой // «Қоршаған ортаны қорғау мен адам денсаулығының өзекті мәселелері» халықаралық қатысумен 9-шы республикалық ғылыми-практикалық конференциясының ғылыми еңбектер жинағы. – Ташкент қ., Өзбекстан Республикасы, 2022. – Б. 67-70;